



**ЖАСТАР ҮНІ - ЕЛ ЕРТЕҢІ**

Референдумды қолдауға арналған концерт өтті

8

# Almaty

## AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №25 (6703) 6 наурыз, жұма, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

# ДАЙЫНДЫҚ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ

ОРК төрағасы референдум учаскелерінің жұмысымен танысты

**Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!**

**15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ**

**Важен голос каждого из нас!**



**О**рталық референдум комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров Алматы қаласына жұмыс сапарымен арнайы келіп, республикалық референдумға дайындық барысымен танысты.

2

# Әлемнің мәні – әйелде...

**К**өктем шуағымен бірге келетін 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні – мейірім мен нәзіктіктің мерекесі. Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен әйел-ананың ыстық шапағаты мен парасатын, еңбегі мен төзімін дәріптейтін айтулы датада нәзік жандыларға деген қоғамның құрметі шексіз. Осыған орай жаңа нөмірдегі мерекелік материалдарды арнайы топтамадан оқи отырыңыздар!



**БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:**

QR codes for @AQSHAMY\_KZ, @TIKTOK, @AQSHAM\_NEWS, and Facebook.

www.aqshamnews.kz



# Бақылаушылар – БАҚ алдында

**Алматы қаласында тәуелсіз байқаушылардың ақпараттық штабы алғашқы баспасөз жиынын өткізді. Қоғамдық коммуникациялар орталығында (ҚКО) өткен жиында штаб өзінің референдум кезіндегі жұмысын түсіндірді.**

**Нұржамал Әліш**

дауыс беру барысын мониторинг жауап тәсілдері таныстырылды.

«Алда өтетін референдумның мемлекет болашағы үшін қаншалықты маңызды екенін ескерер болсақ, ол күні де небір жалған ақпараттар таралуына ешкім кепіл бола алмайды. Сондықтан біз әріптестерімізбен ақылдаса келе, бәріміздің басымызды бір жерге біріктіретін ортақ хаб құруды ойластырып, тәуелсіз байқаушылардың ақпараттық қоғамдық штабын аштық. 15 наурыз күні біз тек нақты, ресми ақпараттарды таратып отыратын боламыз», – деді жоба бастамашыларының бірі, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Рафаэль Гасанов.

Ал белгілі медиа-менеджер Нұржан Мұхамеджанова баршамызға



референдумның әділ, ашық өтуі маңызды екенін атап өтті.

«Біз, яғни ақпарат айдынында жүрген тәуелсіз байқаушылар тобы осы алаңда бас біріктіріп, сол күні өңірлердегі әріптестерімізбен тікелей режимде байланыса отырып, референдумның қалай өтіп жатқа-

нын, дауыс берушілердің белсенділігін, қала берді көңіл күйін дәл сол сәтте, шынайы, жедел беріп отыруды көздеп отырмыз. Біздің тәуелсіз байқаушылар міндетті түрде Орталық сайлау комиссиясының тіркеуінен өтетін болады», – деді Нұржан Жалауқызы.

## АЗАМАТТЫҚ МИССИЯ

Тәуелсіз бақылаушылар бағдарламасы таныстырылды

**Алматы қаласында референдум ақпараттық штабын даярлау бастамасы бойынша брифинг өтті. Ақпараттық жиын аясында 2500-ден астам тәуелсіз бақылаушыны даярлауға арналған арнайы оқыту бағдарламасы таныстырылды. Қоғамдық бірлестіктер бұл бастаманы азаматтарға бақылаушы ретінде қатысу құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік беретінін және жастардың белсенділігін арттыруға бағытталғанын айтады.**

**Гүлжант СЕМБАЕВА**

Брифингте қоғам белсендісі Ержан Серікұлы тәуелсіз бақылаушы болу үшін қойылатын талаптарды түсіндірді. Ол «Бақылаушы болу – азаматтық миссия әрі үлкен жауапкершілік» екенін баса белгіледі.

– Олардың құқығы заңмен нақты белгіленген: біріншіден, ол барлық сайлау отырыстарына қатысуға құқылы. Сонымен қатар, ол дауыс беру процесін бақылауға, қажетті мәліметтерді сұрауға, аудио, видео және фотосуретке түсіруге құқылы. Бірақ бұл дауыс беру процесіне кедергі келтірмеуі керек. Егер бақылаушы сайлау комиссиясының заңсыз әрекетін байқаса, шағымдана алады», – дейді қоғам белсендісі Ержан Серікұлы.

Ал қоғам белсендісі Алина Кан кімдер тәуелсіз бақылаушы бола алатынын түсіндірді:

«Қазақстан Республикасының 18 жасқа толған әр азаматы бақылаушы бола алады. Бақылаушыларға арналған сабақтар екі тілде жүргізіледі, оларға арнайы күнделік беріледі. Онда қандай жағдайда не істеу керек, кімге хабарласу қажет және бақылаушы қандай құқықтарға ие деген секілді барлық маңызды ақпарат жазылған», – деді қоғам белсендісі.

Оның айтуынша, «Ер Азамат» ұйымында 15 наурызға дейін 654 бақылаушыны оқыту жоспарланған, яғни әр сайлау учаскесіне кемінде бір адам дайын болады. Қазірдің өзінде 200-ден астам бақылаушы бар. Әр бақылаушыны оқыту үш-төрт күнге созылады, қосымша материалдар үйде де оқуға беріледі.

Оқытудан кейін бақылаушылар арнайы тест тапсырады, онда түрлі жағдайларда не істеу керектігі тексеріледі. Егер сайлау барысында кемшіліктер немесе құқық бұзушылықтар анықталса, олар дереу штабқа хабарлайды, видео мен фотосуреттер түсіреді, барлық мәлімет тіркеледі.

## ДАЙЫНДЫҚ ЖОҒАРЫ ДЕНГЕЙДЕ

ОРК төрағасы референдум учаскелерінің жұмысымен танысты

**Дастан ҚАСТАЙ**

(Басы 1-бетте)

Орталық референдум комиссиясының өкілдері 15 наурызға белгіленген республикалық референдумды өткізуге дайындық барысымен танысу үшін Алматыға жұмыс сапарымен келді. Комиссия төрағасы Нұрлан Әбдіров ҚР Ұлттық кітапханасының ғимаратында орналасқан №254 референдум учаскесіне және Қаз-ҰАЗУ ғимаратындағы №378 учаскеге барып, ақпараттық стендтерді, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді және комиссия мүшелерінің әзірлігін тексерді.

– Қазіргі уақытта комиссия өкілдері еліміздің барлық өңіріндегі референдум учаскелерінің дайындығымен танысуда. Алматыдағы учаскелердің дайындығы жоғары деңгейде деп айтуға болады», – деді Нұрлан Әбдіров.

Алматы қаласының мемлекеттік органдары өкілдерінің қатысуымен референдумды дайындау және өткізу мәселелері бойынша кеңес өтті. Қала әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов қалада дауыс беруге құқығы бар азаматтар тізіміне 1 млн. 311 мыңнан аса адам енгізілгенін, оның ішінде шамамен, 20 мың студент пен 4 мың әскери қызметші бар екенін айтты.

Ол жергілікті атқарушы органдар, аумақтық және учаскелік комиссиялар арқылы референдумға дайындық аясында ұйымдастырушылық, ақпараттық және өзге де шаралар жоспарлы түрде жүргізіліп жатқанын жеткізді. «Ақпараттық қамтуға



БАҚ, әлеуметтік желілер және билбордтар, LED-экрандар секілді өзге де мүмкіндіктер жұмылдырылуда. Алматы қаласы референдум өткізуге толық дайын», – деп атап өтті Абзал Нүкенов.

Кеңесте прокуратура, полиция және ТЖ департаменттері, сондай-ақ Алматы қалалық аумақтық референдум комиссиясының өкілдері дайындық жұмыстары мен референдумға әзірлік деңгейі туралы баяндады.

Алматы қаласы аумақтық референдум комиссиясының төрағасы Айгүл Қалықова барлық учаскеде жүріп-тұруы шектеулі топтар үшін қажет жағдай жасалғанын (мүгедектігі бар шамамен, 10 мың адам есепке алынған) айтты.

Сонымен қатар, Нұрлан Әбдіров пандустар мен көтергіш құрылғылардың, ау-

диоақпаратқа арналған техникалық құралдардың маңызын еске салды. Сондай-ақ, Брайль қарпі немесе өзге техникалық құралдар арқылы көзі көрмейтін азаматтарға ақпарат жеткізуге дайындықтың болуы маңызды екенін атап өтті.

– Негізгі міндет – республикалық референдумды Қазақстан Республикасының заңнамасына толық сәйкес, ешқандай заңбұзушылықсыз өткізу», – деді Нұрлан Әбдіров.

Сонымен қатар, №378 учаскелік референдум комиссиясының қызметі қаралды. Бұл комиссия Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті базасында жұмыс істейді. Учаскелердегі дауыс беру процесін ұйымдастыру, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және заң талаптарының сақталуы назарға алынды.

## «ДАУЫС БЕРУГЕ АРНАЛҒАН БЮЛЛЕТЕНЬ»

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін Сіз бюллетеньді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады. Бюллетеньде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз. Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетеньді дауыс беру жәшігіне саласыз.

**Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!**

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы.

## «ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ»

2026 жылдың 15 наурызында республикалық референдум өтеді.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскеңізде референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінде өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына өтінішпен жүгіне аласыз. Егер азамат өзінің болатын жерін өзгертсе, ол 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап, 14 наурыз күнгі сағат 18.00-ге дейін учаскелік референдум комиссиясына өтініштің негізінде есептен шығару куәлігін алуға құқылы. Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде алуға рұқсат етіледі.

Есептен шығару куәлігін ұсынған кезде учаскелік референдум комиссиясы дауыс беру күні азаматты оның болатын жері бойынша учаскедегі тізімге енгізеді. Бір елдімекеннің шегіндегі басқа учаскеде дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейді.

**Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!**

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы.



# КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕ

Алматыда мәслихаттың кезектен тыс  
XLIII сессиясы өтті

**Алматы қаласында мәслихаттың кезектен тыс XLIII сессиясы өтіп, күн тәртібінде сайлау комиссияларының құрамын жасақтау және тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері жөніндегі ведомстваралық комиссия құрамын бекіту мәселесі қаралды.**

Гүлжанат  
СЕМБАЕВА

Алғашқы тақырып бойынша баяндама жасаған мәслихат аппаратының басшысы Мақсат Рахметов жаңа сайлау учаскелерінің құрылуына және жекелеген комиссия мүшелерінің шығуына байланысты 157 бос орынның орнын толтыру қажет болғанын жеткізді. Оның ішінде төртеуі аумақтық, 153-і учаскелік сайлау комиссияларына тиесілі.

Құжаттар биыл 28 қаңтар мен 11 ақпан аралығында қабылданды. Үміткерлерді екі саяси партия мен тоғыз қоғамдық бірлестік ұсынған. Тексеру қорытындысы бойынша 154 кандидаттың заң талаптарына сай келетіні анықталып, үш үміткердің канди-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

датурасы кері қайтарылды. Комиссия құрамын қалыптастыру сайлау заңнамасының нормаларына сәйкес жүргізілді. Депутаттар ұсынылған шешім жобасын қолдады.

Сессия барысында депутаттар тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері жөніндегі ведомстваралық комиссия құрамын да бекітті. Ол құрамға бейінді мемлекеттік органдар мен уәкілетті құрылымдардың өкілдері енгізілді. Бұл проблемалық нысандар бойынша шешім қабылдауды бір алаңға шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Комиссия құрылыс нысандары бойынша әрекеттерді үйлестіруді, әрбір нысанның құрылысын аяқтау

моделін айқындауды, қажет болған жағдайда құрылыс салушыны ауыстыру мәселесін қарауды, инвесторлар тартуды және үлескерлердің құқығын қорғауды бақылауды қамтамасыз етеді.

«Қазіргі кезде қалада 153 көппәтерлі тұрғын үй салынып жатыр. Солардың 37-сі үлескерлердің ақшасын заңға сай жинаса, 116 нысан рұқсатсыз ақша жинап жатыр. Оның ішінде 45 нысан ешқандай жарнама жасамаса, 71 нысан белсенді түрде жарнамаланып отыр. Мониторинг кезінде 31 нысанға әкімшілік шара қолданылды», – деді Алматы қаласы Қала құрылысын бақылау басқармасының басшысы Олжас Төлебаев.



Суретті түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.

## «SAPAR» САЯСИ РЕФОРМАНЫ ҚОЛДАДЫ

**«Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының мүшелері «SAPAR» сауда кешенінің кәсіпкерлерімен кездесті. Түркібауданында ұйымдастырылған кездесуге коалициясының мүшелері Серікболсын Сарыбаев, Рустам Қайрыев және Тамерлан Сұлтанғалиев қатысты.**

Жиын барысында қатысушыларға конституциялық өзгерістердің саяси жүйені жаңғыртуға, билік тармақтарының тепе-теңдігін қамтамасыз етуге және заң үстемдігін нығайтуға бағытталғаны жан-жақты баяндалды. Кәсіпкерлерге шағын және орта бизнесті қолдау, әкімшілік кедергілерді азайту, салық саясатының тұрақтылығы мен заңнаманың әділ әрі ашық орындалуы мәселелері талқыланды. Конституциялық өзгерістердің кәсіпкерлік ортаға да оң ықпал ететіні, құқықтық мемлекетті нығайту арқылы бизнестің дамуына қолайлы жағдай жасалатыны ескерілді.



Суретті түсірген С.СЕРІКБАЙУЛЫ.

«Қазақстанның ұйғыр жастары одағы» РҚБ төрағасы, қоғам белсендісі Рустам Қайрыев талқылаудың жәй ғана кездесу емес, әр азаматтың ел болашағына деген жауапкершілігін сезінетін маңызды алаң екенін баса айтып. Ол жаңа Конституция жобасы – қоғам сұранысынан туындаған құжат деп бағалады.

Ал Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Тамерлан Сұлтанғалиев заңнамалық өзгерістердің жастар үшін маңызды екенін жеткізді. Айтуынша, Конституция – тек заңгерлердің құжаты емес, ол – әрбір қазақстандықтың өмір сапасына тікелей әсер ететін негізгі заң. Сондықтан әр азамат алдағы референдумға бей-жай қарамай, белсенді қатысуы қажет.

«SAPAR» сауда кешенінің кәсіпкері Әсел Жарылқасынқызы алдағы референдумның маңыздылығына айрықша тоқталды.

– Біздің ұстанымымыз – бірлік, тұрақтылық және ортақ жауапкершілік. Әділетті әрі прогрессивті мемлекет құру тек биліктің емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әрбіріміздің белсенділігіміз бен жауапкершілігіміз – ортақ мақсатқа жетудің басты кепілі, – деді ол.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.

## ЫНТАЛЫ ЖҮРЕК, ШЫН КӨҢІЛ

«Халық үні» тәуелсіз бақылаушылары референдумға әзір

**Алматыда «Халық үні» тәуелсіз бақылаушылар Атобы алдағы референдумға байланысты арнайы баспасөз мәслихатын өткізді. Жиын барысында топ өкілдері дауыс беру процесінің ашық әрі әділ өтуін бақылауға бағытталған жұмыстар туралы мәлімдеді.**

Дана  
САДЫРҚАН

Әділдікті ұран еткен белсенді азаматтардан құралған бастама тобы референдум кезінде дауыстың бұрмаланбауын және халықтың еркін таңдау жасау құқығының сақталуын басты мақсат етіп отырғанын жеткізді.

– «Халық үні» – тәуелсіз, бейресми және ешқандай ресми құрылымға жатпайтын қоғамдық бір-

лестік. Бұл бастама негізінен жастардың, саясаттанушылардың, сарапшылардың және елдегі маңызды саяси процеске бей-жай қарамайтын азаматтардың ынта-жігерінің арқасында құрылған. Байқаушыларды іріктеудегі басты өлшем – олардың жұмыс істеуге деген ниеті, қоғамға көмектесуге деген талпынысы және азаматтық жауапкершілігі. Айта кету керек, біздің бастаманың арна-

йы қаржыландыру көзі жоқ, байқаушыларға еңбекақы төлемейміз, ешқандай қорлар да жоқ. Соған қарамастан, жастардың қызығушылығы жоғары. Олар осы жұмысқа қатысып, өздерін сынап көргісі келеді, – деді жазушы, қоғам белсендісі Бекнұр Қисықов.

Белсендінің сөзінше, бірлестіктің қатарында 18–20 жастағы жас жігіттер мен қыздар да бар. Басты мақсат – оларды дұрыс бақылау жүргізуге үйрету. Байқаушыларға қойылатын басты талап – адалдық пен ашықтыққа деген ұстаным.

Саясаттанушы Нұргелді Әбдіғаниұлының

айтуынша, «Халық үні» тәуелсіз бақылаушылар тобы айтқанда, Астана, Алматы, Шымкент қалаларында және өзге де өңірлерде жұмыс істемек.

Сонымен қатар, бастама тобы саяси науқандар кезінде қоғамдық бақылаудың маңызы зор екенін атап өтті. Осыған байланысты «Халық үні» тобы өз қызметіне қатысты бұқаралық ақпарат құралдарының барлық сұрағына ашық екенін жеткізді. Жиын соңында ұйымдастырушылар қоғам белсенділерін елдегі маңызды саяси науқанға бей-жай қарамай, азаматтық жауапкершілік танытуға шақырды.

## «КЕЛЕТ» КЕЛЕШЕККЕ СЕНІМДІ

**Алматыда «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» Жалпыұлттық коалициясы түрлі қоғамдық топтармен кездесіп, ел болашағының негізгі құжатын талқылауды жалғастыруда. Бұл жолы арнайы топ мүшелері «КЕЛЕТ» өндірістік-сауда компаниясының ұжымымен кездесті.**

Рая  
ЕСКЕНДІП

Жиында Алматы қалалық мәслихатының депутаты Алмат Ахметов, «Аманат» партиясы Жетісу аудандық филиалының төрағасы Асылбек Сатаев, Алматы қалалық Қоғамдық кеңес мүшесі Бауыржан Жақыпов және Алматы автомеханикалық колледжінің директоры Темірбек Рахманов болды.

Жиын барысында жаңа Конституция жобасының

негізгі ережелері, сондай-ақ елдің одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамуы мәселелері егжей-тегжейлі қаралды. Ұсынылып отырған өзгерістер де маңызды болды. Ең бастысы – әрбір азаматтың өміріне және жалпы Қазақстанның даму перспективаларына қалай әсер ететініне ерекше назар аударылды.

Мәселен, Алмат Ахметов қазіргі сәттің тарихи маңызына тоқталып, бұл құжатты Президенттің саяси реформалар бағдарламасын іске асырудың және «Әділ Қазақстан» құрудың заңды және күтілетін кезеңі ретінде бағалайтынын жеткізді. Жоба негізгі институционалдық өзгерістерді тіркейді, жаңа саяси шындық пен билік тармақтарының неғұрлым теңгерімді өзара іс-қимылы үшін берік құқықтық база жасайды.

«КЕЛЕТ» компаниясының ұжымы алдағы референдумға қолдау білдірді. Жиналғандар азаматтардың қоғамдық маңызы бар процестерге белсене қатысуымен әрбір дауыс елдің болашағын қалыптастыру үшін маңызды екенін атап өтті.



# БӨЛІНГЕН БЮДЖЕТ – БАСТЫ МІНДЕТ

## Қала қаржысы қайда бағытталды?

**Ел экономикасының локомотиві саналатын мегаполисте жол жөндеу, жаңа тұрғын үй кешендері, инженерлік желілерді жаңарту, қоғамдық көлік жүйесін дамыту бағытында қомақты қаржы бөлінеді. Осы орайда әрбір тұрғынның көкейінде «бөлінген миллиардтар нәтижесін бере ме?» деген сұрақ жиі туындайды.**



Дана  
САДЫРҚАН

### Қаражат көлемі қандай?

Негізінен қала бюджетінің едәуір бөлігі инфрақұрылымды жаңғыртуға бағытталады. Соның ішінде жол құрылысы мен жөндеу; су, кәріз, жылу желілерін ауыстыру; әлеуметтік нысандар салу мен абаттандыру жұмыстарына баса назар аударылады. Бұл жобалар қаланың ұзақмерзімді дамуына негіз болуы тиіс. Жуырда Алматыда өткен мәслихат сессиясында мегаполистің 2026 жылға арналған нақтыланған бюджеті – 2 трлн. 806 млрд. теңге екені айтылды. Аталған қаражаттың басым бөлігі білім беру, денсаулық сақтау, көлік және абаттандыру салаларына бағытталды.

Биыл жалпы өңірдік өнімнің өсімі 6% болады деп болжанды. Бұл өңдеуші өнеркәсіпте – 6%, құрылыста – 17%, саудада – 6%, көлік саласында – 9,5% өсім есебінен қамтамасыз етіледі.



### АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ БЮДЖЕТІ



Дереккөз: Жергілікті өңірдің мәслихаты

Коллажды жасаған Нұрболат ӨРІСҰЛЫ.

Қалалық Экономика және қаржы басқармасының басшысы Бауыржан Құдайбергеновтің мәлімдеуінше, бюджетті нақтылау ішкі қайта бөлу есебінен жүзеге асырылып отыр. Қаланың қаржылық тұрақтылығы экономикадағы оң динамикамен қамтамасыз етілген.

«2025 жылы Алматы қаласы экономикасының серпінді дамуы қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етті. Қаңтар айында қысқа мерзімді экономикалық индикатордың индексі 104,2% болды», – деген еді Бауыржан Құдайбергенов.

### Жол сапасы – басты проблема

Кей аудандарда жаңа төселген асфальттың бір маусымға жетпей бұзылуы тұрғындардың наразылығын туғызып жатады. Мұны мердігер компаниялардың жауапкершілігі, техникалық бақылаудың әлсіздігі, сапасыз материал қолдану секілді бірнеше фактормен байланыстырамыз. Демек, инфрақұрылым сапасы – тек қаржы көлемімен емес, бақылау тетіктерімен де өлшенеді.

**Еліміз Әділетті Қазақстан бағытына бет бұрған сәттен бастап, «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кеткен активтер мемлекетке бірінші рет қайтарылып жатыр. Шетелдік қорларға кеткен миллиардтаған қаржы қайтарылып, ел экономикасына қайта құйылуда. Сондай-ақ, Алматы секілді ірі мегаполистің бағалы нысандары заң негізінде мемлекетке беріліп, оларды сатудан түскен қаржы мен нысандардың өзі ел игілігіне пайдалана бастады.**

Жалпы, Қазақстанда 2023 жылдан бастап «Қайтарылған активтерді басқару компаниясы» ЖШС жұмыс істейді. Толықтай мемлекетке тиесілі компания қайтарылған активтерді қабылдап, оларды басқарып, сатумен айналысады. Компания мәліметінше, 2024 жылы Алматыдағы активтерді сатудан бюджетке 10,8 млрд. теңге табыс түскен. Мегаполисте екі жер учаскесі, бір коммерциялық жылжымайтын мүлік, бір өндірістік база, бір әкімшілік ғимарат аукцион арқылы саудаланған. Ал 2025 жылы «Қайтарылған активтерді басқару компаниясының» басқаруында болған қаладағы екі нысан 3,1 млрд. теңгеге сатылған. Атап айтқанда: Жетісу ауданындағы әкімшілік 1,6 млрд. теңгеге, ал Бостандық ауданындағы үй-жай аукционда 1,5 млрд. теңгеге сатылған.

Қазір аталған компания Алматыда Қайрат Сатыбалды және оның ұлына тиесілі болған бірнеше нысанды саудаға шығарды. Оның ішінде Kaisar Plaza сауда-

# «ҚАЙТҚАН МАЛДА ҚАЙЫР БАР»

## Заңсыз алынған активтер мемлекетке қайтарылып жатыр

кеңсе орталығы бар. Бұрын Қайрат Сатыбалдының меншігінде болған нысанның аукционы электрондық сауда порталында 7 сәуір, сағат 10.00-де өтеді. Жалпы ауданы 63 920 шаршы метр болатын ғимараттың бастапқы бағасы – 61 547 298 223 теңге. Оны сатып алуға ниет білдіргіндер 9,2 млрд. теңге көлемінде кепілдік жарнасын төлеуге міндетті.

2024 жылы Қайрат Сатыбалдының ұлы Бауыржан Нұрсұлтанға тиесілі болған «Байсат» базары Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімі мемлекетке қайтарылды. Кейін «Қайтарылған активтерді басқару компаниясына» беріліп, ол бірнеше рет сатылымға шығарылды. 2025 жылдың 18 қарашасында сауда нысаны 28,6 млрд. теңгеге, 2025 жылдың 26 желтоқсанында 26,7 млрд. теңгеге, 2026 жылдың 5 ақпанында 24,7 млрд. теңгеге аукционға қойылды. Алайда, сауда-саттық басталған сәтте ешкім оны сатып алуға ниет білдірмеді. Басқарушы компания нысанды қайтадан аукционға шығаруды жоспарлап отыр.

Айта кетейік, мемлекет қайтарылған активтерді сатып, тек табыс табуды көздемейді. Кей жағдайда бұрын заңсыз иелікте болған нысандар қоғамдық қажеттіліктерге пайдалануға беріледі не қала меншігіндегі инфрақұрылымның бөлігіне айналады. Мысалы, 2023 жылы Қайрат Боранбай мемлекетке берген «Алмалы» сауда орталығында қазір ТМД елдеріндегі ал-

ғашқы Ғылым музейінің құрылысы жүріп жатыр. Бұрын сауда мен ойын-сауық орталығы болған орын енді балаларға ғылымды кеңінен насихаттайтын алаңға айналады. Жоба Singapore Science Centre Global халықаралық франшизасы аясында Kingsmen Exhibits компаниясымен бірлесе жүзеге асырылып отыр. Жоба аясында мұнда тұрақты және уақытша экспозициялар құрылады. Мысалы, «Жібек жолындағы ғылым» аймағы, инженерия, жер туралы ғылым және биомедициналық ғылымдары бойынша «Өнертабыс және инновациялар» аймағы, астрономия мен ғарышкерлікке бағытталған «Ғарыш станциясы» аймағы болады. Музей биыл жазға қарай ресми ашылуы тиіс.

2024 жылы Алматы қаласының бұрынғы әкімі Виктор Храпунов жекеге заңсыз беріп жіберген жедел жәрдем кешені мемлекетке қайтарылды. Қалалық прокуратура құны 3 млрд. теңге болатын нысан Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен жеке меншікке беру жөніндегі әрекеттерді заңсыз деп танылғанын хабарлады. Қазіргі уақытта ауданы 3974 шаршы метр болатын және 50 сотық жері бар жылжымайтын мүлік жедел жәрдем қызметіне берілген. Ал 2025 жылы Алматы ипподромының жанында орналасқан «Тұлпар» ат спорты кешені қала меншігіне өтті. Жетісу ауданы прокуратурасының талап-арызы негізінде сот аталған кешенді мемлекетке қайтарды. Биыл өңірлік коммуникациялар

қызметінің алаңында өткен брифингте Алматы қаласы спорт басқармасының басшысы Дархан Нұрханұлы ат спорт кешені арқылы мегаполисте ұлттық спортты дамыту жоспарланып отырғанын айтты.

Әртүрлі орталық пен ғимараттан бөлек қаламызда жеке меншікке өтіп кеткен университеттердің жері мен мүліктері де баршылық. Бірақ қазір олар да заңды иелеріне қайтарыла бастады. Мысалы, 30 жыл бұрын жеке тұлғаларға заңсыз берілген Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің үй-жайы биыл мемлекетке қайтарылды. Медеу ауданының прокуратурасы 208 шаршы метр болатын нысан кейінгі жылдары алкоголь өнімдерін сататын орынға айналып кеткенін анықтаған. Құқық қорғау органы мәліметінше, 1995 жылы университеттің бұрынғы басшылығы мемлекеттік мүлікті құзырлы органдардың қатысуынсыз, конкурс немесе аукцион өткізбестен, төмендетілген құнмен жеке меншік компанияға берген. Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы прокуратура талап-арызын қанағаттандырып, оны мемлекетке қайтарды.

Одан бөлек, 2024 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заңсыз иеліктен шығарылған аумағын «Жер аманаты» республикалық жер комиссиясы мемлекет меншігіне қайтарды. Әл-Фараби даңғылы бойындағы 0,7168 гектар жер 2007 жылы «мемлекет мұқтажы үшін» деген желеумен

Соған байланысты көлік және жол инфрақұрылымына қатысты жобаларға қосымша 19,7 млрд. теңге бөлінбек. Мәселен 2026 жылы Төле би көшесін ұзарту жұмыстары толық аяқталады – 13,6 млрд. теңге. Саи және Оңғарсынова көшелерін ұзарту – 1,6 млрд. теңге. Сондай-ақ, қоғамдық көлік қозғалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Көкжиек», «Саялы-2», «Жас қанат» шағынаудандарында 3 аялдау-айналма алаңы салынбақ.

Жоспарланған миллиардтарға көңіл толады. Егер бақылау күшейтіліп, стратегиялық бағдарлау жүйеленсе, бұл инвестициялар қаланың экономикалық әлеуетін арттыратыны анық. Ал керісінше болған жағдайда, бюджет шығыны қайталама жөндеуге жұмсалып, мегаполистің даму қарқыны баяулауы мүмкін. Себебі, экономикалық тұрғыдан алғанда, сапасыз жол көлік шығынын арттырады, логистикалық тиімділікті төмендетіп, бизнестің шығынын көбейтеді әрі экологиялық жүктемені де өсіреді.

Алматыда нақты сектор шығыстары ірі көлемде. Бір көлікке 504 млрд. теңге, тұрғын үй және коммуналдық шаруашылыққа 405 млрд. теңге бөлінген. Бұл – мегаполистегі көлік тығыздығы, агломерациялық қысым және инженерлік инфрақұрылымның тозуы секілді жүйелі мәселелерге жауап. Инфрақұрылым – қаланың «қан тамыры». Бөлінген қаражатқа жасалатын жұмыстың ұзақмерзімді нәтиже беруі үшін тек қаржы емес, жүйелі жоспарлау мен қатаң бақылау керек. Алматының экономикалық әлеуеті жоғары болғандықтан, инфрақұрылым сапасы сол деңгейге сай болуы тиіс.



# ӨНДІРІС ПЕН ИНВЕСТИЦИЯ

## кешенді дамуға кең тыныс береді

**Кейінгі жылдары Алматыда қала экономикасының өсуіне тиімділік алып келеді. Бұл аймақ – мегаполистің негізгі драйвері, өндірістік әлеуетті арттырып, инвестиция тартуға және экспортқа бағытталған өнім көлемін ұлғайтуға мүмкіндік беретін алып стратегиялық алаң. Алатау ауданындағы аймақта заманауи кәсіпорындар шоғырланып, шағын және орта бизнес өндірісін кеңейтуге нақты жағдай жасалған. Оның басты артықшылығы – инженерлік инфрақұрылымымен толық қамтамасыз етілуінде. Кез келген кәсіпкер дайын өндірістік алаңға келіп, уақыт жоғалтпай жұмысын бастай алады. Нәтижесінде жаңа өндірістер іске қосылып, жергілікті шикізат өңделеді, импорт алмастыратын тауарлар шығарылады.**

Мұндай өндірістік кластерлер қала экономикасына тікелей әсер етеді. Біріншіден, жаңа жұмыс орындары ашылады. Екіншіден, бюджетке түсетін салық көлемі артады. Үшіншіден, қалада өндірілген өнімнің үлесі көбейіп, Алматының инвестициялық тартымдылығы күшейеді.

Сонымен қатар, индустриялық аймақ инновациялық жобаларды жүзеге асыруға жол ашады. Заманауи технология енгізу арқылы кәсіпорындар бәсекеге қабілетті өнім өндіруге мүмкіндік алады. Бұл өз кезегінде қаланың экспорттық әлеуетін арттырып, өңір экономикасын әртараптандыруға ықпал етеді.

Ашық дереккөздегі ақпарат бойынша, биыл қаңтар айында Қазақстанның өнеркәсіп саласында оң өсім тіркелді. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өнеркәсіп өндірісінің нақты көлем индексі 104,4 пайызды құрады. Бұл – жалпы өндіріс көлемі 4,4 пайызға артты деген сөз. Ел бойынша өңдеу өнеркәсібінде өсім 4,4 пайызды құраса, электр энергиясымен, газбен, бумен және ыстық сумен жабдықтау саласы 8,2 пайызға өсті. Сондай-ақ, сумен жабдықтау, су бұру, қалдықтарды жинау және өңдеу бағытында 5,9 пайыздық өсім байқалды.

Өңдеу өнеркәсібінде бірқатар салалар айтарлықтай жоғары нәтиже көрсетті. Азық-түлік өндірісі 11,3 пайызға, сусындар өндірісі 14,9 пайызға артты. Темекі өнімдері 1,7 есеге көбейді. Фармацевтикалық өнімдер мен дәрілік заттар өндірісі 41,7 пайызға өссе, дайын металл бұйымдары 12,2 пайызға, машина жасау саласы 4,4 пайызға артты.

Аймақтар арасында ең жоғары өсім Түркістан облысында

тіркелді – 22,4 пайыз. Жетісу облысында көрсеткіш 14,4 пайызға, Жамбыл облысында 13,6 пайызға, Алматы облысында 12,6 пайызға артты. Алматы қаласында да өндіріс көлемі өткен жылдың қаңтарымен салыстырғанда, 11,9 пайызға өскен.

2026 жылдың қаңтар айында ел бойынша 4 трлн. 226,7 млрд. теңгенің өнеркәсіп өнімі өндірілді. Оның 40 пайызы – тау-кен өндіру саласына (1 трлн. 563,5 млрд. теңге), 51,7 пайызы – өңдеу өнеркәсібіне (2 трлн. 186,6 млрд. теңге) тиесілі. Ал тау-кен өндірісінде керісінше төмендеу байқалды: мұнай өндіру 68,1 пайызды, табиғи газ 71,3 пайызды, өзге пайдалы қазбалар 88,8 пайызды құрады.

Алматы қаласының көрсеткіштеріне тоқталсақ, қаңтар айында 191 кәсіпорын 225,9 млрд. теңгенің өнеркәсіп өнімін өндірді. Оның ішінде 171,4 млрд. теңге өңдеу өнеркәсібіне тиесілі, бұл өткен жылмен салыстырғанда, 13,7 пайызға көп. Машина жасау саласында өндіріс көлемі 105,9 млрд. теңгеге жетіп, 48,5 пайызға артты. Әсіресе, компьютер, электронды және оптикалық жабдық өндіру қарқынды дамыды – бұл бағыттағы өсім 69,7 пайызды құрады. Автокөлік, тіркеме және жартылай тіркеме өндірісі 61,5 пайызға өсті. Басқа санаттарға кірмейтін машина мен жабдық өндірісі де 58,1 пайызға артқан.

Сарапшы-экономист Ләззат Нұрғалиқызының пікірінше, мұндай қарқын Алматының өнеркәсіптік әлеуетін арттырып, оны аймақтағы жетекші өндірістік орталықтардың біріне айналдыруға мүмкіндік береді.

### АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨНЕРКӘСІБІ

2026 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР АЙЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ



Машина жасау саласындағы өндірілген өнім көлемі **₸96,8** млрд

Бұл – қаладағы машина жасау саласының жалпы өндіріс көлемінің **91,43%**


БАСҚА САЛАЛАР БОЙЫНША ӨНДІРІЛГЕН ӨНІМ КӨЛЕМІ:



АУДАНАР БОЙЫНША ӨНДІРІЛГЕН ӨНІМ КӨЛЕМІ:

(млрд теңге)

Өнеркәсіп өндірісінің нақты көлем индексі (ИГП) **100%**



### СИЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

**Ләззат НҰРҒАЛИҚЫЗЫ,**  
экономист:

#### Аймақта 9 мыңнан астам жұмыс орны бар

Алматыдағы индустриялық аймақ қаланың экономикасына оң әсерін тигізіп отыр. Аталған нысан өндіріс көлемін ұлғайтып, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беруде. Сонымен қатар, инвестиция тарту мен экспортты дамытуға ықпал етіп, өңдеу өнеркәсібінің тұрақты өсімін қамтамасыз ететін қолайлы алаңға айналды деуге болады.

Негізгі экономикалық көрсеткіштерге тоқталсақ, индустриялық аймақта жалпы инвестиция көлемі 655 млрд. теңгеден асатын кәсіпорындар жұмыс істейді. 2025 жылы 225 млрд. теңгеге дейінгі жобалар іске қосылды. Бүгінде аймақта 9 мыңнан астам жұмыс орны құрылған, оның 3 мыңы – жаңадан ашылған жұмыс орындары.

Өндіріс өсімі де айқын байқалады. 2025 жылы Алматының өнеркәсіп көлемі 12,5 пайызға артса, өңдеу секторы 13,7 пайызға өсті. 2016–2024 жылдар аралығында индустриялық аймақта 41 жобаға 142 млрд. теңгеден астам инвестиция салынған. Бұл жобалар өз нәтижесін беріп, қаланың экономикалық әлеуетін арттыруға ықпал етті. Тіпті, Алматы қаласының қаржы айналымы кейбір

елдердің, соның ішінде Қырғызстанның жалпы айналымымен деңгейлес, кей жағдайда одан да жоғары екені айтылады. Алдағы жылдарға арналған жоспарлар да ауқымды, мәселен 2026–2028 жылдары индустриялық аймақты 634 гектарға дейін кеңейту көзделіп отыр. Инвестиция көлемін 2-3 трлн. теңгеге дейін жеткізу жоспарланған және 200-ге жуық жаңа жоба іске қосылуы мүмкін. Соның нәтижесінде 30 мыңнан астам адамға жұмыс орны ашылады. Әрине, мұндағы негізгі мүдде – Алматыны Орталық Азиядағы ірі өнеркәсіптік хабқа айналдыру.

Кеңею логистикалық тұрғыдан да тиімді. Аймақ Шығыс айналма жолына және халықаралық көлік дәліздеріне, соның ішінде «Бір белдеу – бір жол» бағытына жақын орналасқан. Инвесторларға салықтық жеңілдіктер ұсынылып, жер телімдерін тегін пайдалану мүмкіндігі қарастырылған. Бұл шаралар қаланың жалпы ішкі өніміндегі өнеркәсіп үлесін 20 пайызға дейін жеткізуге бағытталған.

Нақты жобаларға келсек, индустриялық аймақта вольфрам өңдеу зауыты іске асуда. Жобаның құны – 300 млн. доллар, 1000 адамды жұмыспен қамтиды. «Технониколь» жылу оқшаулағыш материалдар зауыты 44 млн. доллар инвестиция тартып, 220 жұмыс орнын ашқан. Сондай-ақ, «PepsiCo» компаниясының жобасы 170 млн. доллар көлемінде инвестициямен жүзеге асып, 300 адамға жұмыс беріп отыр.

## АВТОБУСТАРҒА AVTOBUS ҚОСЫЛДЫ

**4 наурыздан бастап Алматының бірқатар қоғамдық көлік маршрутында Avtobus электрондық жүйесі арқылы жолақы төлеуге болады. Бұл туралы қалалық Жол қозғалысы және жолаушылар көлігі басқармасының өкілдері айтты.**

Қызмет №51, 117, 219, 221, 228, 234 және 258 маршруттарында іске қосылады. Желіге Avtobus төлем құрылғыларымен жабдықталған 82 автобус шығарылады.

Жолаушылар жолақыны QR-код, Bluetooth, көлік нөмірі, NFC немесе банк картасы арқылы Avtobus мобильді қосымшасы арқылы төлей алады. Төлем бірнеше секунд ішінде жасалып, бірден расталады.

Қызметті пайдалану үшін App Store, Google Play немесе AppGallery дүкенінен Avtobus қосымшасын жүктеп, телефон нөмірі бойынша тіркеліп, смарт-әмиян балансын толтыру қажет.

Avtobus – Қазақстанның 20-дан астам қаласында жұмыс істейтін цифрлық төлем жүйесі. Алматыда жүйені енгізу қолма-қол ақшасыз төлем мүмкіндіктерін кеңейтіп, қалалық көлікті тұрғындар мен қонақтар үшін заманауи әрі ыңғайлы етеді.



## ТАЗА ҚАЛАНЫҢ ТАЛАБЫ ЖОҒАРЫ

**Алматыда қоғамдық көліктің экологиялық нормаларға сәйкестігін тексеру жалғасып отыр. Мониторингі қаланың атмосфералық ауасын қорғау ережелерін іске асыру аясында Eco Almaty мобильдік экологиялық зертханалары жүргізеді.**

Кезекті тексеру газбен жүретін автобустарды пайдаланатын №1 коммуналдық автобус паркінде өтті. Мамандар 192 автобусты тексерді. Мониторинг қорытындысы бойынша ластануы заттар шығарындыларының белгіленген нормативтерден асып кету фактісі анықталған жоқ.

Кейінгі жылдары Алматының автобус парктары жаңартылып, экологиялық таза көліктерге, соның ішінде газбен жүретін автобустарға көшіп жатыр. Түрлі автобус парктарында тұрақты тексерулер жүргізу экологиялық талаптардың сақталуына қосымша бақылауға мүмкіндік беріп, қалалық қоғамдық көліктің белгіленген стандарттарға сәйкестігін растайды. Еске салсақ, Алматы қаласының атмосфералық ауасын қорғау ережелері 2025 жылы 30 желтоқсанда бекітілді. Құжат мегаполистігі ластану деңгейін кезек-кезеңімен төмендетуге және экологиялық бақылауды күшейтуге бағытталған.

**Бетті әзірлеген**  
Гүлжанат СЕМБАЕВА



# «Бүгін менің туған күнім...»

## Рахиям МАШУРОВА, Қазақстанның Халық әртісі:

– Әрине, бұл күн ең алдымен аналар мерекесі. Жауқазындай аруларымыз бен қыз-келіншектердің мерекесі. Сондықтан мен өзімнің туған күнімнен бұрын осынау құдірет иелеріне шексіз алғысымды білдіріп, басымды иемін. Қыстан кейін күннің жылығанын күту – менің бала кезден келе жатқан сезімім. Бұрын ауылда қар ерісе, бәріміз далаға шығып, жердің иісін сезінетін едік. Қазір де көктем келгенде адам бойына ерекше қуат береді. Күннің көзі, ананың сөзі деген керемет құдірет қой. Жан шуағы, адамның бір-біріне деген көңілі ешқашан да ортаймасын. Барлық нәзік жандыларымызды осынау мейірім мерекесімен құттықтаймын!

## Кенжехан МАТЫЖАНОВ, ғалым, Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнертану институтының директоры:

– Туған күн деген жеке мереке ғой. Сондықтан бұл күнді ерекшелік атап өтем деп айта алмаймын. Қайта, қыз-келіншектерді құттықтап, өз мерекемді елеусіздеу өткізіп жіберуге тырысамын. Бұрын жастау кезімізде туған күнді күтіп, атап өтуге тырысатын едік. Қазір енді немерелерімізге көбірек көңіл бөліп жатамыз. Бұл күні үйдегі жеңгенді, келіндерді құттықтауға баса көңіл бөлемін. Кейде жора-жолдас-тарымыз «Айтпақшы, бүгін сенің де туған күнің емес пе еді?» деп құттықтап жатады.

## Қайрат ҚЫРҒЫЗБАЕВ, спорт шебері, М.Өзтүрік таэквондо орталығының президенті, 5-дан иегері:

– Мектепте оқып жүрген кезімде туған күнімнің 8 наурыз екенін айтуға ұялатынмын. Өйткені, бұл күн қыздардың ғана мерекесі сияқты көрінетін. Балалық қой. Бәріне туған күнімді жасырып, 7 наурыз деп алдайтынмын. Мені барлығы сол күні құттықтайтын. Не керек, ақыры балалар нағыз туған күнімді біліп қойып, мені мазақтауды шығарды. Шыны керек, 8 наурызда туғаным қапаланып, қатты намыстанатынмын. Содан аузым күйіп қалған ғой. Әскерге келген соң, туған күнімді 10 наурыз деп жаздырып алдым. Бірақ құжатта тұр емес пе? Қазір бәрі 8 наурыз екенін біліп алды. Осы мереке күні мен туған күнімді емес, сол бір кездегі аңғал балалық шағымды еске аламын.

## Гүлбаушан ТІЛЕУБЕКОВА, актриса, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

– «Бүгін менің туған күнім, ой, пәлі-ай» деп Мұқағали атамыз айтпақшы, дәл осы күні өмірге кеп қалыппыз. Бұл күні туғаным қуанамын. Жұрттың да, өзімнің де көңілім көтеріңкі. Күннің ұзарып, жарықтың көбеюі адам ағзасындағы серотонин арттырып, көңіл күйдің жақсаруына ықпал етеді екен. Сондықтан көктемді көпшілік «жаңа өмірдің бастауы» ретінде қабылдап жатады. Менің де мінезімнің көктеммен ұқсас тұстары көп. Дегенмен, көктем тек романтика ғана емес, бұл – менің мерекем.

Туған күн иелерімен тілдескен Рая ЕСКЕНДІР.



әртүрлі сыйлық алғым келеді. Қазіргі қазақ жазушыларының кітаптарын тарту етсе екен деймін, қазақы кәжекей, күмістен жасалған қазақы білезік және көктем иісін сезіндіретін әдемі өтір де болады.

## Гүлсім ҚОНДЫБАЕВА, «Қом-Мұнай» ЖШС бас есепшісі:

– Мерекеді басты сыйлықты отыз жыл отасқан жолдасымнан күтемін. Екеуіміз өмірдің ащы-тұщысын қатар татып келеміз. Отбасымен берекелі уақыт өткізіміз келеді. Саяхаттап, әлем аралау да көптен бері ойымда жүр. Жолдасым саяхаттап қайтуымызға арнап жолдама сыйласа екен деген ниетім бар. Оның үстіне, Алматыдан, Астанадан бір-бір пәтер алып қою керек...

## Айдана РАХЫМБЕРГЕН, маркетолог:

– 8 наурыз – барша әйелге қыз-келіншектерге құрмет пен ризашылық танытып, мейірім мен жақсы көңіл күй сыйлайтын ерекше күн. Әрине, бұл күнде, ең алдымен жақын адамдарымнан сыйлық күтемін. Таңертең жақсы көретін адамым құшақ-құшақ ақ раушан гүлін әкеліп құттықтаса, кейін анаммен және жақындарыммен бірге таңғы ас ішсек, мерекені бірге қарсы алсақ деп ойлаймын. Ал көптен бері ойымда жүрген әтірімді не әдемі сағат алсам тіптен қатып кетер еді.

## Бану ОҢДАСЫНОВА, психолог:

– Ресми бекітілген «Әйелдер мерекесі», «Ерлер мерекесі» деген сияқты атаулы күндерді тойламаймын. Сезім білдіру, құрмет көрсету үшін кесімді уақыт, ереже қажет емес. Содан соң демократиялық қоғамның игіліктерін пайдалана келе, әйел өз болмысынан ажырамағаны дұрыс. Көктем басталысымен келетін мейрамды тойлау дәстүрге айналып, қыз-келіншектерге сыйлық беріп, отырыс жасап дуылдасуға етіміз үйренді. Мемлекеттік те емес, Халықаралық деңгейдегі мереке болып бекітіліп кетті. Қала берер, бірақ табиғи, ұлттық болмысыздан алыстамау керек.

## Ғазиза ҒАЗИЗҚЫЗЫ, мәдениет саласының қызметкері:

– Мен өзім сыйлық алғанды, өзім де айналамдағы жақындарыма сыйлық беріп қуантқанды жақсы көретін жанмын. Сыйлық – көңіл құлпын ашады, өзің айрықша сыйлайтын жанға деген құрметіңді танытады. Сыйлықтың үлкен не шағын болғаны маңызды емес. Бастысы – ізгі тілегін айтып, құрметін білдірсе де қуанамын.

## Мерекеден не күтесіз?

жоқ деп білемін. Мен үшін олардың аман-есен, жанымда жүргендерінің өзі – бағалы сыйлық әрі өлшеусіз бақыт. Ал материалдық сыйлыққа келсек, көктемнің символына айналған алқызыл қызғалдақтарды қуана-қуана қабыл алар едім.

## Дильназ ЕРДЕМБЕКОВА, студент:

– Соңғы кездері шығарма жазуға мүлде шабытым болмай жүр. 8 наурызда өзіме арнап, «Армандар картасын» сатып алғым келеді. Жақындарымнан алғым келетін сыйлық та ортақ естеліктерімізге байланысты болса деймін. Ата-анам маған Алматыда киіп жүретін ыңғайлы свитшоттар сыйлағанын қалаймын. Тауға шыққанда киіп алып, жағымды естеліктерді жадыма жазып, күшті-күшті инсайтар алғым келеді. Достарымнан кітап ал-

ғым келеді. Болашақта жеке кітапханамда психологиялық кітап көп болғанын армандаймын.

## Арайлым АБЕНОВА, «Жолбаян» радиосының бас редакторы:

– Маған бағалы сыйлықтан гөрі көңілдің шуағы құнды. Әріптестерімнің шын ниет білдіріп айтқан бір-екі ауыз жылы лебізіне қуанамын. Себебі, жүректен шыққан сөз жанды жылытып, естелік болып мәңгі қалады. Радио маманы болғасын сөзге, сөз саптауға ерекше мән беремін. Жүректен шыққан сөз ғана көңілімізге көктем ұялатады.

## Райхан ОМАР, филармония әртісі:

– Мереке құтты болсын! Мейрам болғасын, шынын айтайыншы, әр адамнан

**Бір әйел – тұтас бір әлем. Әз-әже, абзал ана, ақылды жар, жанашыр серік, қамқор әпке, қормал қарындас – бәрі де біздің тіршілік шеңберімізге рең берген аса қастерлі жаратылыс, махаббат пен мейірім қайнары. Мереке қарсаңында түрлі салада қызмет атқарып жүрген қыз-келіншектерге хат жолдап, мерекеге қатысты сұрақ қойған едік. Сұрақ ортақ – Мерекеден не күтесіз, қандай сыйлық алғыңыз келеді?**

**Біз тілдескен замандастың бірі перзентін балабақшаға апара жатты, бірі зертханадағы жаңа сынаамасын нөмірледі, бірі эфирдің қонағын күтіп жол тосып тұрды. Ал бірі қарбалас күннің қатқыл тізбегі арасында әрең сына тауып, сауалымызға жауап қатты. Осының өзі олардың мынау әлемдегі маңызын айқындап тұр емес пе?!**

Дастан  
ҚАСТАЙ

## Гүлім КӨПБАЕВА, дәрігер:

– 8 наурыз – жүрекке жылу сыйлайтын шуақты мереке. Бұл күнде жақын жандардың шынайы тілегі мен жанға сәуле шашқан жылы лебізінен асқан қымбат сыйлық



## ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҰП

**Қазақ эстрада-сындағы жарасымды да әдемі жұптардың бірі – Жанболат пен Жазира. Өнер сахнасында да, өмір жолында да қол ұстасып бірге келе жатқан дуэт елге етене таныс. Жанболат көпшілікті аспайтын, тасымайтын, байсалды, орнықты мінезімен тәнті ететіндей. Ал жары Жазира нәзіктігімен, жылы жүзімен, қазақы болмысымен баурап алатындай. Біз әншілермен өнер, өмір, отбасы және адами құндылықтар төңірегінде сыр-сұхбат құрдық.**



# Жанболат пен Жазира

ұлттық үнді жоғалтпау. Әрине, біз де заманауи бағыттарды зерттейміз, бірақ әндерімізде ұлттық әуен, таза сезім мен шынайылық сақталғанын қалаймыз.

## МЕЙІРІМ МЕКЕНІ

– Көрерменнің ықыласын жоғалтып алмау үшін ең маңызды не деп ойлайсыз?

– Халықтың алдында жақсы әндеріңмен, жақсы сөздеріңмен, қарапайым қалыбыңмен, түзу жолыңмен жүру маңызды. Әрине, қоғам болған соң түрлі адам, түрлі көзқарастың болуы заңды. Баршаның көңілінен шығу мүмкін емес шығар. Дегенмен, қазір көрерменнің талғамы жоғары, жақсы, жаманды өзі-ақ елеп-екшеп, таразылап алады. Біз де тек жақсы жағымыздан көрініп жүре бергіміз келеді. Ол үшін уақыт көшінен де қалмай, көптің сұранысын да дөп басып, ұдайы еңбектене беруге дайынбыз.

– Отбасыңызда қандай құндылықтар ең басты орында?

емеспін. Пәтер жалдап тұрып, одан бір бөлме пәтер сатып алып, екі-үш жылдан кейін екі бөлмелі пәтерге, үш-төрт жылдан кейін үш бөлмеге қол жеткізгеніміз, солай баспалдақпен жәй-жәй ақырындап көтерілгендей баспанамызды үлкейткеніміз ғана есімде. Әр көшкен сайын ішіндегі заттарды жас отбасыларға таратып жіберіп отыратынбыз.

## ҚАДІРДІ ҚҰНЫ

– Уақыт өте келе адамның құндылықтары өзгереді дейді. Сіздерде не өзгерді, не өзгермеді?

– Жас күнімізде күнкөрістің қамын ойлаумен көбірек уақыт өтсе, қазір осы күнге дейін қалай өмір сүрдік, балаларымызға дұрыс тәрбие бердік пе, әрі қарай қоғамға қалай пайдалы бола аламыз деген ізденістермен жүрміз. Бұрынғыға қарағанда қазір шүкіршілігіміз бен бір-бірімізді бағалау, қадірлеу басымырақ.

– Сіздерге дем, шабыт беретін адамдар кімдер?

– Бірнеше жыл бұрын жетпіс шақты өнерлі қыз-жігітпен «Агугэй» атты продакшн құрғанбыз. Барлығы консерватория, академия бітірген кәсіби мамандар. Соларға біз мотивация берсек, олар бізге шабыт береді.

## ҚЫЗ ҰЗАТУ

– Осы күнге дейін қанша қыз ұзаттыңыз? Олардың ішінде әдемі болмысымен, тәрбиесімен есте қалғаны бар ма?

– Ұзатқан қыздарымды санап көрмедім. Қыздың қолынан ұстап, ән айтқаным осыншама үрдіске айналып кетеді деп ойламадым. Жәй ғана әдемі ұлттық киім киген қыздың қолынан ұстап ән айтқым келген. Мұным дұрыс болды ма, бұрыс болды ма, білмеймін. Есте қалған қыздар өте көп. Солардың арасында екі қалыңдыққа қатты ғашық болып (ене ретінде), қимай жылап қалғаным бар (күледі).

– Бірде «Көпшілік ортада жұбайым құс жүзеді, балық ұшады десе, ол – солай. Ол сөз ары қарай талқыланбайды» деген жазба қалдырдыңыз паракшаңызда. Осы сөзіңізді тарқата отырсаңыз.

– Жалғызбасты адам ғана тек өзінің ойымен жүріп-тұрады. Ерлі-зайыпты ғана емес, бауырлар да, достар да, туыстар да бір-бірінің ойын, идеясын, қалауын таңдау керек кездер болып тұрады. Біздің үйде соңғы шешім қалай десе де Жанболаттікі.

## ЖҮРЕКТІ ҚАЛАУЫ

– Бір жылы қоларбада отырған қарапайым жігітті келіншегімен ауызашарға шақырып, үйлеріңізге мейман еткендеріңіз есімізде. Жақсы істер мен амалдар неден туындауы мүмкін?

– Бұл – жүректің қалауы. Жаратқан иеміз бізге қайырымды істер жасауды миымызға құйып тұрады. Ондай сәттердің бәрін әлеуметтік желіге сала бермейміз.

– Сізді Алматымен байланыстыратын үш нәрсе?

– Анам дүниеге келген қала. Жанболат екеуміз танысқан, табысқан қала. Алматы – біз үшін берекелі қала.

– «Ақшамның» оқырмандарына айтар тілегіңіз?

ЖАЗИРА: – Қазақтың әр шаңырағына береке мен махаббат тілеймін.

ЖАНБОЛАТ: – Жүректеріңізден өнерге, өмірге деген сүйіспеншілік өшпесін. Ел аман, жұрт тыныш болғай!

# ӨНЕР мен ӨМІР

## БАҚЫТТЫҢ БАҒАСЫ

– Сахнаға жарқ етіп шыға келер жарасымды бейнелеріңізге көпшілік әркез тәнті болып жатады. Шығармашылықта бірге жүрудің қиындығы бар ма?

ЖАНБОЛАТ: – Өнер жолында бірге жүргеннің ешқандай қиындығы жоқ. Халық әрдайым бірге жүргенімізді қалайды. Кейде жалғыз, жеке шығып жатсам, «Жазира қайда екен, шығып қалар» деген көзқарастарды байқап тұрамын. Кейде «Жазираның өзі ғана келсе болады» деген сұраныстар да түседі. Ондай кезде Жазира бірден жалғыз бармайтынын айтады. Негізі, қыз балаға, әйел адамға өнер жолында жүру өте қиын. Оларға мықты қорған болып, қолдап жүретін адам керек. Ал егер өнерде жүрген қыз бала өнерге қатысы жоқ жігітке тұрмысқа шығатын болса, мәселені басынан келісіп шешіп алғаны дұрыс деп ойлаймын.

Жазира екеуіміз Алматыдағы Жүсіпбек Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжінде оқып жүргенде таныстық. 1996 жылы отбасын құрдық. Міне, қазір отыз жыл болыпты. Өнер айдынында бірге келе жатқандықтан болар, бізде ешқандай түсініспеушіліктер болмайды. Үйде де, сахнада да, жиын-тойда да, гастрольдік сапарларда да біргеміз. Сондықтан бір-бірімізді қас-қабағымыздан, сөзсіз, үнсіз-ақ түсіне қоятын кездеріміз көп.

– Репертуарларыңыздағы қай ән шынайы өмірлеріңізбен көбірек үндес деп есептейсіз?

– «Асыл жарым», «Орындалған арманым», «Бақыттың бағасы», «Ғаламның ғажабы» деген әндеріміз өзімізбен үндес деп ойлаймын. Тыңдармандарымыз «Жан жарым» деген әнімізді де жиі сұрайды. Бұл ән маған да қатты ұнайды.

## СЕЗІМ ПЕРНЕСІ

– Ән таңдағанда қандай қағиданы ұстана-сыздар?

– Алдымен сөзіне үңілеміз. Ғашықтардың бір-бірімен қоштасуы, екі жаққа кетуі, қосыла алмауы сынды тақырыптарды қозғаған әндерді алмауға тырысамыз. Біз отбасылы жұп болғасын осы жағына мән береміз. Негізінде ақындарға ерлі-зайыпты әншілерге арнап сөз жазу қиындау тиіп жататыны бар. Кейбір әндердің сөзін ақындармен ақылдасып, өзіміздің табиғатымызға жақындатып өзгертетін сәттер де болады. Менің ерекше жақсы көретін, Жазираға арнап жеке айтатын әнім бар. Ринат Зайытовтың сөзіне жазылған Арман Дүйсеновтің әні «Ғашықтар бақытты» деген. Осы әнде мынадай тамаша сөздер бар.

*Көздерің сенің мөлдір тұнық,  
Жолықтың бақытыма жаратылып.  
Жаным-ау, бұл жалғанда арманым жоқ,  
Өзіңмен бірге жүрсем таңды атырып.*

*Біздегі бір ерекше сезім жалын,  
Жылуын сол сезімнің сезін жаным.  
Кейде мен жасап алған қателікті,  
Сабырмен түзетерсің өзің жаным.*

Сөздері қарапайым да шынайы. Дәл менің сезімімнің пернелерін дөп басқан сөздер.

– Кейінгі жылдары қазақ эстрадасы жаңа бағыттарға бет бұрып келеді. Осы өзгерістерді қалай қабылдайсыз?

– Өнер – тірі ағза секілді ғой. Ол да заманмен бірге дамиды, түрленеді. Бірақ біз үшін ең бастысы – қазақы болмыс пен



– Шүкіршілік, адалдық, сабыр, мейірім. Осы құндылықтар болса, отбасы да, өнер де берекелі болады.

## ДАРА ҚЫЗ

– Кішкентай Дараның қандай дара қасиетін атап айтар едіңіз? Кейбір танымыал отандары ұл-қыздарының артықшылығын, өнерін көрсетіп, әлеуметтік желіге жүктеп отырады. Ал сіздерде ондай ой жоқ па?

ЖАЗИРА: – Даратайымыз әзірге әлі кішкентай. Мейірім мен адалдықты бойына сіңіру міндетімізді мүмкіндігінше орындап жатқан сияқтымыз. Ал болашақта өз жолын өз қабілетіне қарай таңдайды. Ешкімнің затына тимейді, жануарларды жақсы көреді, мейірімді, еркелігі де бар.

– Ең алғаш өз табыстарыңызда үйге не сатып алғандарыңыз есте ме? Екеу болып жүріп мал құраудың артықшылығы қандай?

– Ең алғаш қандай зат алғанымыз есімде жоқ. Зат жинау, дүние жинау, қымбат әшекей сақтауға келгенде аса пысық

Нұржамал  
ӘЛШ,  
журналист.



ТАҒЫМ

# «КазГУградтың» атасы

## Өмірбек Жолдасбековтің 95 жылдығына арналған мерейтойлық іс-шара өтті

**Биыл Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дамуына зор үлес қосқан, «КазГУград» қалашығының негізін қалаған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі ғалым, академик Өмірбек Жолдасбековтің туғанына 95 жыл толып отыр. Академик Өмірбек Жолдасбеков ҚазҰУ-ды 16 жыл басқарып, ғылым мен білімнің дамуына зор үлесін қосқан қайраткер. Ол көптеген шәкірт тәрбиелеп, 400-ден астам ғылыми еңбек жазды. Мерейтойлық іс-шара академиктің ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімімен басталды.**



Аталмыш клуб университет қабырғасында еркін ғылыми пікір алысу алаңы ретінде құрылып отыр. Мұнда білім алушы жастар мен докторанттар цифрлық инженерия және техникалық бағыты бойынша ғылыми жобаларын талқылап, өзара тәжірибе алмасады.

ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректоры Марғұлан Ибрагимов бұл академиктің ғылыми дәстүрін жалғастыруға бағытталған маңызды қадам екенін жеткізді.

Ал ғалымның ұрпағы Филология факультетінің деканы, филология ғылымының докторы, профессор Баян Жолдасбекова сөз алып, жаңа клубта Өмірбек Жолдасбековтің жеке пайдаланған заттары, ғылыми еңбектері мен сирек кітаптары қойылып, арнайы бұрышта ғалымның жастық шағы, еңбек жолы, ғылымдағы жетістіктері мен қоғамдық қызметі туралы тың деректер мен архивтік материалдар орналастырылғаны жөнінде баяндады.

Салтанатты іс-шара академиктің өмірі мен шығармашылығына арналған халықаралық конференциямен жалғасып, академиктің 95 жылдығына орай ұйымдастырылған Алматы қалалық робототехника чемпионатының жеңімпаздары марапатталды.

Рая  
ЕСКЕНДІР

Қазақ білімінің қарашаңырағы атанған атақты оқу ордасы Кеңес Одағындағы санаулы университеттердің бірі болса, бұл оқу ордасының қалыптасуына Димаш

Ахметұлының да көрсеткен қолдауы ерекше болды. Еске алу іс-шарасына университеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлері, Өмірбек Арысланұлының ұрпақтары, шәкірттері, замандас-достары және білім алушы жастар қатысты. «Ғалымның хаты өлмейді» демекші, жиналғандар отандық ғылым мен жоғары

білімнің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан қайраткер тұлғаны еске алып, оның тағылымды ғұмыры мен өнегелі жолы жайында жылы лебіздерін білдірді. Бұл күні оқу ордасының қабырғасында «Ө.А.Жолдасбеков атындағы Цифрлық инженерия ғылыми-техникалық клубының» да салтанатты ашылуы өтті.

JAS STARS

**Алматы қаласының Балуан Шолақ атындағы спорт және мәдениет сарайында «Жасанды интеллект жылы» аясында референдумды қолдауға арналған «Jas Stars» атты ауқымды концерт ұйымдастырылды. Заманауи технология мен өнер тоғысқан бұл іс-шара көрермендерге ерекше әсер сыйлады.**

Досбол  
АТАЖАН

Кеш тізгіні белгілі жүргізушілер – Қосқанат Көпжасар, Ақбота-Нұр Сейтмағамбет және Ольга Спиринада болды. Сахнада танымал эстрада жұлдыздары – Muzart Life, Dieta kz, Луина, Мирас Жүгінісов, Арқайым, Алатау серілері, Нұрсұлтан Нұрбердиев, Alpha, Moonligh өнер көрсетті.

Іс-шараның басты ерекшелігі – сахна төрінде роботтардың өнер көрсетуі болды. Кеште Темірбек есімді робо-DJ музыка қосып, залдағы көрермендердің көңіл күйін көтерді. Сонымен қатар, робот-бишілер сахнада би ырғағымен қозғалып, технология мен хореографияның үйлесімділігін паш етті. Робот-бишілердің бірдей қимылдары мен заманауи музыкалық сүйемелдеуі кештің ажарын аша түсті. Іс-шара көктемнің ең жарқын әрі есте қаларлық мәдени оқиғаларының біріне айналды.

Бес мыңнан аса жастар қатысқан іс-шара барысында қоғам белсенділері 15 наурызда өтетін жалпұлттық референдумға қатысудың маңыздылығын атап өтіп, барша қатысушыларды дауыс беруге шақырды.

# ЖАСТАР ҮНІ – ЕЛ ЕРТЕҢІ

## Референдумды қолдауға арналған концерт өтті



Суреттерді түсірген Сағат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



**Бахтияр БАЙСЕРІК,**  
театр және кино актері:

**Бірлік – ең маңызды құндылық**

Біз – театрда, кинода, музыкада, медиа саласында жүрген жастар – қоғамның көңіл күйін, адамдардың үміті мен сенімін күн сайын сезінеміз. Көрерменнің көзқарасынан, пікірі-

нен, реакциясынан қоғамның қай бағытта дамып келе жатқанын аңғарамыз. Сондықтан елдегі маңызды оқиғалар біз үшін шетте қалатын тақырып емес. Бүгінгі таңда еліміз үшін ең маңызды құндылықтардың бірі – бірлік. Бірлігі бар ел ғана тұрақты дамиды. Бірлігі бар қоғамда жастар өз болашағына сеніммен қарайды. Ал сенім – кез келген дамудың негізі. 15 наурызда өтетін референдум – әр азаматтың өз ұстанымын білдіретін мүмкіндігі. Бұл – ел тағдырына қатысты көзқарасыңды ашық көрсету. Жастар көбіне «бізді естімейді» деп ойлайды. Бірақ өз пікірімізді білдірмесек, ешкім біздің орнымызға шешім қабылдамайды. Мен сол күні өз таңдауымды жасауға барамын. Себебі, болашаққа қатысты мәселеде сыртта қалғып келмейді.



**Шахислам ЛАЙСХАНОВ,**  
PhD докторы, Халықаралық білім беру кооперациясы Ғылым және инновациялар департаментінің директоры:

**Жаңа Конституцияда ғылымның рөлі айқын көрсетілді**

Мен жас ғалым ретінде еліміздегі жаңа Конституция жобасын қолдаймын. Себебі, кез келген реформа – болашақ ұрпақ үшін жасалатын маңызды қадам. Жаңа Конституция жобасында ғылымның рөлі айқын көрсетіліп, оған мемлекеттік деңгейде басымдық береді. Ғылым мен инновация бірінші рет мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыты ретінде қарастырылып отыр. Осы және басқа да өзгерістер елді жаңғыртуға, қоғамды дамытуға ықпал ететіні сөзсіз. Біздің басты құндылығымыз – бейбітшілік. Бейбітшілік бар жерде ғылым дамиды, білім өркендейді, экономика қарыштайды. Сондықтан татулық пен бірлікті бәрінен биік қойғанымыз абзал.



**Серік ЕСМАТОВ,** Алматы қаласы мәслихатының депутаты, паралимпиадасы:

**Мүгедектігі бар жандарға ерекше назар аударылады**

2026 жылдың 15 наурызында ҚР жаңа Конституциясының жобасы бойынша жалпұлттық референдум өтеді. Бұл – тарихи белес. Ата Заң –

мемлекеттің мызғымас тұғыры, құқығымыздың басты кепілі. Жаңа Конституция жобасында адам, оның құқығы мен қадір-қасиеті – ең қымбат құндылық ретінде көрсетілген. Одан бөлек, әлеуметтік кепілдіктер: ең төменгі жалақы, зейнетақы, қарттар мен науқастарға, мүгедектігі бар жандарға көрсетілетін қолдау нақты бекітілген. Ерекше назар, мүгедектігі бар жандарға аударылады. Бұл құр құжат емес, олардың оқуына, еңбек етуіне және өзін көрсетуіне жасалатын нақты қадам болмақ. Сондықтан 15 наурыз – күнтізбедегі жәй ғана күн емес. Бұл – жауапкершілік пен таңдау күні. Әр дауыстың салмағы бар. Болашақ өздігінен келмейді. Болашақ біздің шешімімізбен, біздің атсалысуымызбен, азаматтық ұстанымымызбен құрылады.



МӘСЕЛЕ

# ЛУДОМАНИЯ

## дерт дендеп тұр

**Лудомания, яғни құмар ойынға тәуелділік те бүгінде күн тәртібінен түспей тұрған өзекті мәселелердің бірі. Себебі, бұл «дерттің» арғы жағында шайқалып ортасына түскен талай шаңырақ, әкесіз өсіп жатқан жәулеткөздер, ата-ананың қасіреті мен әйелдің күйзелісі, айналып келгенде батпақтан шыға алмай, тәуелділіктің ұйығына кеткен ер-азаматтардың өзі де тұр.**



«Бір жылдан астам уақыт ішінде жалпы сомасы 1,6 триллион теңгеге бәс жасалды. Оның ішінде ұтыстар 1,2 триллион теңгені құрады. Яғни қайтарымдылық деңгейі 75% болды, ал қалған 25%-ы ұйымдардың пайдасына қалды. Қазіргі таңда шамамен, 700 мың адам тұрақты түрде бәс жасайды», – депті Қаржы вице-министрі Ержан Біржанов Электрондық қаржы орталығындағы таныстырылымда. Ал осы саланы зерттеп жүрген мамандар елімізде шамамен, жарты миллионға жуық лудоман бар деп отыр.

Ресми дереккөздерде 20 мыңға жуық адам құмар ойынға тәуелді деген ақпарат жүр. Ойынқұмарлардың ең көбі заңсыз букмекерлік кеңселерге барады екен. Одан кейінгі орындарда – заңды лотереялар; елімізде тыйым салынған онлайн-казинолар; лицензияланған казинолар мен ойын автоматтары қондырылған залдар тұр. Тақырыпқа орай біз Алматы қаласы Психикалық денсаулық орталығының дәрігері Медина ӘБІЛҒАЗЫНҒЫ Сұхбатқа шақырған болатынбыз.

**– Медина Әділханқызы, сіздерде бүгінде ем қабылдап жатқан ойынқұмарлардың орташа жасы қаншада?**

– Құмар ойынға тәуелділік бір сәтте қалыптасатын әдет емес, бұл ұзақ уақыт бойы дамитын психикалық процесс. Клиникалық тәжірибе мен халықаралық психиатриялық зерттеулерге сүйенсек, ойынға ессіз берілгендердің негізгі бөлігін 18–35 жас аралығындағы адамдар құрайды. Алайда, тәуелділік әлдеқайда ертерек бас көтереді. Біз ойынға тәуелді мінез-құлықтың алғашқы белгілерін баланың 8–12 жасында, ал тұрақты тәуелділікке бейімділігін 13–16 жас аралығында жиі байқаймыз. Яғни ойынқұмарлық ересек адамның мәселесі ғана емес, ол көбіне балалық және жасөспірімдік кезеңде тамыр жая бастайды.

**– Қазіргі кішкентай балалардың телефондағы ойындардан бас алмай отыратынын байқаймыз. Олар келешекте ойынқұмар болып шығуы мүмкін бе, әлде жәй ермегі деп қараймыз ба?**

– Баланың ойын ойнауы – оның психикалық дамуының табиғи бір бөлігі. Сондықтан олардың телефондағы ойындарға қызығушылығы келешекте тәуелділікке әкеледі деу дұрыс емес. Алайда, мәселе ойынның өзінде емес, оның баланың өміріндегі ролінде. Жеткіншектердің цифрлық ойындарға қызығушылығы өздігінен патология болып саналмайды, клиникалық тұрғыда біз қолдану

формасын бағалаймыз. Мәселен, бала таңнан кешке дейін ойнамайды ғой, оған ата-ана тарапынан шектеу бар, сабағына, үйірмесіне барады, мезгілімен ұйықтайды дегендей. Ал егер бала «бүгінге осы жетеді, ұзақ ойнадың» деген сөзге агрессия көрсетсе, телефон ішіндегі ойынының жеңісіне немесе жеңілісіне шамадан тыс эмоция танытса, күнделікті сабағына ден қоюды азайта бастаса, онда оған мән беру қажет болады. Әрине, бұл мұндай баланың бәрі ойынқұмар болып кетеді деген сөз емес. Дегенмен, соған бейім тұлғалар үшін бұл айқын қауіп факторы. Егер ойын баланың эмоциясын, күйзелісін реттеу құралына айналса, жалығу, жалғызсырау сәтінде содан пана тапса, онда бұл тәуелділіктің алғашқы белгілері болып саналады. Сондықтан мұндай кезде ата-ананың жіті қадағалауы маңызды болмақ.

**– Лудомандарды бұл жолға көбіне не әкеледі?**



– Олар үшін ойынқұмарлық – клиникалық тұрғыда ләззат алу емес, ішкі психоэмоционалдық тапшылықты өтуге тәсілі. Ойынға құмарлық, тәуелділік тек ақшаны жақсы көруден немесе жеңіл олжаға ұмтылудан пайда болмайды. Көбіне оның артында терең психологиялық себептер жатады. Мәселен, биологиялық, психологиялық, әлеуметтік факторлар, импульсті бақылаудың жеткіліксіздігі, аффективті бұзылыстар және мазасыздық, тәуелділікке генетикалық бейімділік, эмоцияны реттеу дағдысының дамымауы, өзін-өзі бағалаудың тұрақсыздығы, отбасылық, эмоционалдық қолдаудың жеткіліксіздігі себеп болады. Тіпті, көптеген науқас шынайы өмірдегі сәтсіздіктерден қашу, өзін күшті сезіну үшін ойынға басымен беріліп кетіп жатады.

**– Ал сонда дұрыс жолға түсуіне не жетпей жатады?**

– Біздің психиатриялық бағалауымызда олардың бұл тұйықтан шыға алмауына ерік-жігерінің емес, өзін-өзі реттеу дағдысының, ішкі тірек пен тұрақты құндылықтардың жетіспеуі себеп болып жатады. Олар өз өмірінде алдына нақты мақсат қоймаған, эмоциясымен жұмыс істеуді меңгермеген, жауапкершілік деген ұғымы төмен, шыдамсыз жандар болып келеді.

Жалпы, құмар ойын адамға өзіне деген сенімділік пен жеңіс сезімін қысқа уақытқа ғана береді. Ал шынайы өмірде мұндай сезімдер адал еңбекпен, тәртіппен, тәзіммен, жауапкершілікпен ғана келетіні белгілі.

**– Құмар ойынға басымен кіріп кеткендерді әлеуметтік топқа бөліп қарасақ, қанша пайызы жоғары білімділер?**

– Қоғамда құмар ойынға көбіне білімсіз адамдар әуес келеді деген жаңсақ пікір қалыптасқан. Шын мәнінде, бұл шындыққа жанаспайды. Клиникалық деректерге сүйенсек, тәуелділердің 30–40%-ы жоғары білімді азаматтар. Олардың арасында әртүрлі мамандар кездеседі. Сауатты, білімді, логикасы мықты адамдардың өздері «мен өз-өзімді басқара, тежей аламын» деп жүріп, ойынға қалай тәуелді болып қалғанын білмей қалып жатады.

**– Психикалық орталықта қанша адам емделіп жатыр? Жалпы, ойынқұмарлықтан айығуға бола ма?**

– Иә, ойынға тәуелділік – халықаралық квалификацияда ресми диагноз ретінде тіркелген ауру және емделеді. Қазіргі күні қолданылатын негізгі емдеу тәсілдері – когнитивті мінез-құлықтық психотерапия, топтық терапия және отбасылық кеңес беру. Кей жағдайда медикаментозды қолдау көрсетіледі. Осы орайда айта кетейін, бұл тәуелділік тек дәрі-дәрмекпен емделмейді, негізінен адамның ойлау жүйесін, шешім қабылдау білу қасиетін өзгертуге күш жұмсалады.

**– Орталыққа өз бетінше келетіндер көп пе, әлде туысының сүйреуімен, мәжбүрлеуімен келетіндердің үлесі басым ба?**

– Тәжірибемізден байқайтынымыз, емделуге өз бетінше келетіндер аз. Оның өзінде қарызға әбден белшесінен батып, тығырықтан шығар жол таппаған сәтінде жетіп жығылады. Ойынға тәуелді науқасты бізге көп жағдайда жұбайы ата-анасы ертіп келеді. Шын мәнінде, ойынқұмарлардың дені өзіндегі тәуелділікті, ауруды ұзақ уақыт бойы мойындамайды. Ал емнің тиімділігі адамның ішкі шешімі пайда болған сәттен бастап арта түседі.

Осы орайда мен сізге екі оқиға айтып берейін. Бізге 32 жастағы жоғары білімді жігіт келіп ем алды. Отбасылы, екі баласы бар. Алғашында жәй ғана спорттық ойынға бәс тігіп жүріп, уақыт өте әдетіне айналдырып алғанын өзі де сезбей қалған. Одан қарыздан қарызға кіре берген, шаңырағының шырқы да бұзыла бастаған. Қазір үш жыл болды, ойынын қойды. Ал 25-тегі жігіт онлайн-казиноның құлына айналған. Барлық ерік-жігерін жиып екі рет тастаған. Бірақ қайта бастаған ойнауды. Бізден үшінші мәрте терапиядан өтті. Қазір ойынқұмарлығын тастап, әлеуметтік ортасын, күн тәртібін өзгерткен. Бір жылдан асты, ойнамайды. Бірақ ол да өміріне бір кездері із тастаған тәуелділіктің кез келген уақытта бас көтеруі мүмкін екенін, сондықтан өзін-өзі өмір бойы бақылауда ұстау қажеттігін түсінеді.

**– Сұхбатыңыз үшін рахмет!**

Сұхбаттасқан  
Нұржамал ӘЛІШ.

### ОЙЫНҚҰМАРДЫҢ ПОРТРЕТІ:

● **Тез шешім қабылдайды; тәуекелге бейім; салдарын ойламай әрекет етеді; ұтқанда – эйфория алады, ал ұтылғанда – күйзеліске түседі, ашуға беріліп, өзін кінәлау басым; күйзелісін ойын арқылы «өшіруге» тырысады.**

● **«Келесі жолы міндетті түрде ұтамын» деген иллюзияға берілгіш; жеңілісті уақытша сәтсіздік деп қабылдайды.**

● **Үнемі жауапкершіліктен қашып жүреді; қаржылық қиындықтарын жасырып әлектенеді; қарыз алғыш, өтірік айтуға бейім келеді; «ауруын» мойындамайды.**

● **Сырт көзге сенімді немесе бейқам көрінуі мүмкін. Бірақ ішінде мазасыздық, ұят сезімі, жалғыздық күй болады.**

● **Ойынға ақша табудың жолы деп емес, «қайтарып алу» тәсілі деп қарайды. Ұтылған ақшасын қайтару үшін тағы ойнайды. Отбасы, жұмыс, оқу дегендер екінші орынға кетеді. Қарызға белшесінен батады.**

● **Ащы шындық: лудомандардың дені – ер адамдар. Олардың 90%-ы – өзіміздің қазақтар.**



МӘСЕЛЕ

# ОТАН ҚАМҚОРЛЫҒЫ ОТТАН ЫСТЫҚ

## Қақтығыс аймағында қалған қазақстандықтар елге жеткізілді

**Әскери қақтығыстарға байланысты Таяу-Шығыс елдерінде қалып қойған Қазақстан азаматтарын қауіпсіз эвакуациялау сәтті жүзеге асуда. Алғашқы рейспен 314 отандасымыз Алматыға жетті. Қазақстан аймақ елдерінің арасында алғашқы болып өз азаматтарын елге қауіпсіз жеткізді.**



өткерген жағдайды ешбір отандасыма тілемеймін, – деген ақжарма пікірімен бөлісті.

Семей қаласының тұрғыны Жанат Төребеков те жұбайы және үш кішкентай баласымен елге оралды.

– Біз Дубай қаласына отбасымызбен қыдырып бардық. Бала-шағамызбен. Сол жақтан мемлекеттің осындай көмегінің арқасында келіп отырмыз. Қазақстанымызға алғысымыз шексіз. Осындай жағдайда көмектесіп, тез ұйымдастырылды. Дубайдағы елшілікке рахмет айтамыз. Әрқашан хабарда болып, қолдап отырды, – деді Жанат Төребеков.

Қазіргі уақытта Қазақстан азаматтарын шетелден қайтару жұмыстары мүдделі мемлекеттік органдар мен әуе тасымалдаушылардың үйлестіруімен жалғасып жатыр. Құзырлы құрылымдар қауіпсіздікті басты назарда ұстап, әрбір азаматтың елге аман жетуін қамтамасыз етуде.

**Аяжан  
СЕРІКҚЫЗЫ**

«Отанымыздың қамқорлығы бізге үлкен демеу болды», – дейді Шымкент қаласының тұрғыны Карима Мурафиева. Ол әуежайда тұрып:

– Сиреналардың дауысы, жарылыстар, үйге жете аламыз ба деген алаң – барлығы қатты әсер етті. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің қызметкерлері бізбен байланысқа шыққан сәттен бастап сенім пайда болды. Көптеген өзге ел азаматтары әлі де сол жақта қалып қойғанын көрдік. Қазақстанның өз азаматтарына деген қамқорлығын сезіну – үлкен демеу болды. Дипломаттарымыздың жанашырлығының арқасында Оманға жөнелтілу туралы нұсқауды сабырмен күттік. Осындай сәтте бейбіт өмірдің, туған жердің қадірін түсінеді екенсің. Біз бастан

SCAT әуе компаниясының Алматы – Маскат – Алматы бағыты бойынша рейсі сәрсенбіде, сағат 15.09-да Алматы әуежайына сәтті қонды. Дубайдан эвакуацияланған жолаушыларды тағатсыздана күтіп тұрған туған-туыстары мен жақындары еріксіз көз жастарына ерік берді.

Біріккен Араб Әмірліктерінен елге қайтарылған отандастарымыз Қазақстан Президенті мен Үкіметіне алғыстарын білдірді. Олардың айтуынша, геосаяси турбуленттілік кезеңінде мемлекет тарапынан жедел шешім қабылданып, қауіпті аймақтағы азаматтар қараусыз қалмаған.

## «ӘЙЕЛ – ӨМІР ЖЫРЫ...»

### Ұлттық кітапханада мерекелік кеш өтті



**ҚР Ұлттық кітапханасында Халықаралық әйелдер күніне арналған «Әйел – өмір жыры, кітап – көңіл сыры» атты мерекелік кеш өтті. Кеште танымал ақын-жазушылар мен өнер мейрамдары әйел болмысының тереңдігі, ана мейірімінің құдіреті мен нәзік жандылардың қоғамдағы айрықша рөлі туралы әңгімелеп, оқырмандармен ой бөлісті. Кеш тізгінін белгілі радиожүргізуші Гүлмира Нәлібай алды.**

**Рая  
ЕСКЕНДІР**

– Былтыр бұл бағдарламаны «Рахмет, саған анашым!» деген атпен Ұлттық кітапханамен бірлесіп бастаған едік. Биыл да жалғасын тауып отыр. Мұндағы басты мақсатымыз – әйел-ананың қоғамдағы мәртебесін айшықтап, олардың отбасы тәрбиесіндегі, кәсіби қызметтегі, білім мен ғылым салаларындағы жетістіктерін насихаттау, яғни аналар мен қыз-келіншектерге құрмет көрсету.

## «КӨКТЕМ ҚҰШАҒЫНДА»

### Аналарға құрмет, аруларға ізет көрсетілді

**Қазақ ұлттық Қыздар педагогикалық университетінің Мәжіліс залында Алматы ауданы әкімдігінің «Көктем құшағында» атты салтанатты жиыны өтті. Салтанатты кешке елімізге белгілі тұлғалар, қайраткер қыз-келіншектер шақырылды. Көктемгі көңіл күйге толы кешті Алматы ауданының әкімі Арман Шәмшин ашып, аудан аумағында тұрып жатқан көпбалалы аналарға «Алтын» және «Күміс» алқаларды табыс етті.**

– «Ана бір қолымен бесік тербесе, бір қолымен әлемді тербейді» деген жақсы сөз бар. Ана деген құдіреттің алдында қашанда басымызды иеміз. Сіздер бағындырмаған белес, алмаған асу жоқ дер едім, – деген аудан әкімі барша кеш қонақтарын Халықаралық аналар мерекесімен құттықтады.

Кең зал төрінен әдемі ән, күміс күй төгілді. Бір сәт тынымсыз тіршіліктен қол үзген нәзік жандылар рухани кештен зор шабыт алды. Бұл күні қазақ өнерінің

мақтанышы Мәдина Сәдуақасова, әншілер Дәурен Раев, Шапағат Ерғазина, Жеңіс Ержанов, Мұса Сапарәлі, Нұрғалым Аманбай, Анжела Шагарова, «Дала сазы» сынды өнер иелері кештің көркіні ашты.

Әсерлі әуен мен көктемнің алқызыл жауқазыны бойға қуат, ойға нәр құйған кештен нәзік жандылар көңілді тарқасты.

**Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.**

Осынау қарашаңырақтың қабырғасындағы кеш рухани ұстазымыз, киелі кітапқа деген құрметіміз, – деді.

Келесі кезекте Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Сұлушаш Нұрмағанбетова, танымал жазушы Сәуле Досжан, ғалым Салтанат Айбергенова сөз кезегін алып, әйел-аналардың баға жетпес еңбегі мен отбасындағы орны туралы тебірене баяндады.

Көктемгі көңіл күй сыйлаған кеш мерекелік бағдарламаға ұласты.

Әнші, ұстаз, Қазақстанның мәдениет саласының үздігі Қанағат Жалғасбаева сырнаймен Б.Байкенжеевтің «Ақбаянын», Түркісіб ауданындағы №187 балабақша бүлдіршіндері «Тау ішінде» әнін, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, әлеуметтік ғылымдар және өнер институты, хореография және арт менеджменті кафедрасының 3-курс студенттері, Алматы облысы, Талғар ауданындағы Ю.Гагарин атындағы №8 мамандандырылған лицей оқушылары кештің көркіні кіргізді.





# «Almaty aqshamy» газетіне жазылыңыз!

## 2026 жылға басылымға жазылу науқаны жалғасып жатыр

### ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

**65503**  
Жеке жазылушылар үшін:

1 айға – 835,96 теңге.

3 айға – 2507,88 теңге.

6 айға – 5015,76 теңге.

9 айға – 7523,64 теңге.

**15503**  
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін:

1 айға – 1431,83 (қала), 1035,96 (ауыл) теңге.

3 айға – 4295,49 (қала), 3107,88 (ауыл) теңге.

6 айға – 8590,98 (қала), 6215,76 (ауыл) теңге.

9 айға – 12 886,47 (қала), 9323,64 (ауыл) теңге.

**95503**  
Зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін:

1 айға – 615,96 теңге.

3 айға – 1847,88 теңге.

6 айға – 3695,76 теңге.

9 айға – 5543,64 теңге.

### Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz** сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн-режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасына төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі.

Қызмет 24/7 қолжетімді.

### ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

## ӘДІЛДІК ПЕН ҚАУІПСІЗДІК

### Құқық қорғау қызметкерлерінің қатысуымен семинар-тренинг өтті

**Алматы қаласы Білім басқармасы «Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы» техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің ұйымдастыруымен Алматы автомеханика колледжінде «Әділдік және қауіпсіздік» тақырыбында құқық қорғау қызметкерлерінің қатысуымен семинар-тренинг өтті.**



Рая  
ЕСКЕНДІР

Іс-шараның мақсаты – қоғамда заң үстемдігін нығайту, құқықтық мәдениетті арттыру және қауіпсіз орта қалыптастыру. Іс-шараға қала колледждерінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен білім алушылары қатысты. Жиын барысында қатысушыларға әділдіктің, заңға бағынудың және қоғамдық қауіпсіздікті сақтаудың маңыздылығы түсіндірілді.

Сонымен қатар, құқықбұзушылықтың алдын алу, жастар арасында жауапкершілік пен саналы көзқарас қалыптастыру мәселелері қозғалды. Мұндай кездесулер жастардың құқық-

тық сауаттылығын арттырып, қауіпсіз әрі әділетті қоғам құруға өз үлесін қосатынын атап өту керек. Іс-шара соңында қатысушылар өз ой-пікірлерін білдіріп, қойылған сұрақтарға нақты жауап алды.

Алматы қаласы білім басқармасы «Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы» техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің әдіскері Гүлхан Жұмағұлова, Алматы қаласы Жетісу ауданы полиция басқармасының бөлім басшысы Алмас Матеев, Жетісу ауданы прокуратурасының прокуроры Абылай Әбілдаев, Психологиялық қолдау орталығының әдістемелік жұмыс бөлімінің меңгерушісі Әсем Жұманова қатысты.

### ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Алмас САҒЫНДЫҚҰЛЫ, Жетісу аудандық Ювеналды полиция бөлімінің басшысы:**

### Қылмыстың үлкен-кішісі болмайды

Қазіргі кезде жасөспірімдер арасында кездесетін тәртіп бұзушылықтың алдын алу үшін ауданымыздағы 21 мектеп пен 5 колледжде жұмыс жүйелі түрде жүріп жатыр. Осы мекемелерге барып, дәріс оқимыз, видеороликтер көрсетеміз. Сосын олардың ата-аналарымен де жұмыс жүргіземіз. Мекемелердің жауапты мамандары тіркелген арнайы чатымыз да бар. Дегенмен, құқық бұзушылық, тәртіпсіздік жоқ деп айта алмаймын. Жасыратыны жоқ, қазір қоғамда кибербуллинг белең алып тұр. Қылмыстың осы түріне қарсы заң 2023 жылы күшіне енсе де, тоқтар түрі жоқ. Сондықтан 14 жастан бастап жасөспірімдердің заң алдында жауап беруге құқылы екенін ескертіп отырамыз. Осындай өкінішті жағдайлар болмас үшін профилактикалық сабақтар жүргізіп жатырмыз. Жалпы, қылмыстың үлкен-кішісі деген болмайды. Жасөспірімдер арасында ұрлық-қарлық, төбелес сияқты жағдайлар кездесіп жатады. Тіпті, суық қарумен жүргендер де болды.



«Алматы электр станциялары» АҚ «А. Жақұтов атындағы Алматы 2-ЖЭО үшін әкімшілік-тұрмыстық ғимаратының құрылысы» жұмыс жобасы бойынша Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің (ҚОҚБ) материалдарын жария талқылау түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2026 жылдың 16 наурызынан бастап 5 жұмыс күні ішінде, <https://ndbecology.gov.kz> Қазақстан Республикасының қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер қорының Қоғамдық тыңдаулар бөлімінде өтеді.

Жобаны әзірлеуші: «ФИРМА «АҚ-Көңіл» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Молдағұлова көшесі, 32, 249-кеңсе, БСН 930140000145, байланыстағы тұлға: Ханиев И., e-mail: akkonil@mail.ru, 8 701 727 30 98.

Бастамашы: «АлЭС» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қ., Достық даңғылы, 7, БСН 060640001713, байланыстағы тұлға: Зоя Арзюкова, e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254-03-27, 254-04-73.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен Қазақстан Республикасының қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер қорының «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде және Алматы қаласының Экология және қоршаған ортаны қорғау басқармасының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/press/article/1?activities=38378&lang=ru>, «Қоғамдық талқылаулар» бөлімінде танысуға болады.

### Алматы қаласы бойынша қылмыстық процестің цифрландырылуы

(Электрондық қылмыстық іс, Электрондық сараптама)

«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында 2018 жылдан бастап «Электрондық қылмыстық іс» институты қолданысқа енгізілді.

ҚР Қылмыстық процессуалдық кодексінің 42-1-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасында қылмыстық ісін қағаз және (немесе) электрондық форматтарда жүргізуге делінген.

2025 жылдың өткен кезеңінде статистикалық есеп мәліметтері бойынша Алматы қаласының сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде (бұдан әрі – СДТБТ) 22 150 сотқа дейінгі тергеп-тексеру тіркелді, оның 18 854 немесе 85,12% сотқа дейінгі тергеп-тексеру электрондық форматта басталды және 3296 немесе 14,8% қағаз форматта жүргізілді.

Электрондық қылмыстық істің бір артықшылығы – материалдарды фальсификациялау тәуекелдерін азайту, қылмыстық істің материалдарына нақты уақыт режимінде қол жеткізу және қаржылық шығындарды қысқарту, осы істер бойынша іс жүргізуді үнемдеу, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға зиян келтірмей мемлекеттік бюджетке жүктемені азайту.

Электрондық қылмыстық істің тағы бір артықшылығы – ұсталған, күдіктіге қатысты қамау шарасын қашықтан санкциялау, бұл белгілі бір қашықтыққа алып келмейді, қазіргі уақытта соттың қамау шарасын санкциялау бейнеконференц байланысы арқылы онлайн-режимінде жүзеге асырылады.

Осы ретте процессуалдық құжаттар СДТБТ-де электрондық форматта жасалады және интеграция арқылы «Төрелік» сот органдарының ақпараттық жүйесіне санкцияны қарау үшін барлық қажетті құжаттармен қоса жіберіледі. Қарау нәтижелері бойынша тергеу судьясының қаулысы автоматты түрде БТТ ақпараттық жүйесіне түседі.

Осыған ұқсас процедура ҚПК-нің 55-бабының 1-тармағында көзделген тінтіп тексеру, тәркілеу, мүлкті аресттеу туралы өтініштер бойынша да қарастырылған. Бұл, өз кезегінде, уақыт шығындарын үнемдейді, сондай-ақ жол шығындарын қысқарту есебінен бюджет қаражатын үнемдеуге оң әсер етеді.

Сонымен қатар, қылмыстық процесте прокурордың барлық маңызды процессуалдық шешімдері электрондық цифрлық қолтаңбамен электрондық құжат СДТБТ-де куәландырылып бекітіледі.

#### Сот сараптамасының «Электрондық сараптама»

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп сот сараптамасын жүргізу процестерін автоматтандыруға бағытталған «Электрондық сараптама» (бұдан әрі – АЖ) ақпараттық жүйесін әзірледі және пайдалануға енгізді.

Қазіргі уақытта АЖ «СДТБТ» және «Төрелік» ақпараттық жүйелерімен интеграцияланған, бұл сот және құқық қорғау органдарына сараптама тағайындауға және сот сарапшыларының зертеу нәтижелерін электрондық форматта алуға мүмкіндік береді.

2025 жылы қылмыстық қудалау органдары қылмыстық іс аясында сот сараптама органдарына 6226 электрондық қаулы тағайындады.

Дегенмен, Алматы қаласы бойынша қылмыстық сот ісінің 89,1% электрондық форматта жүргізілетінін ескере отырып, электрондық форматта тағайындалатын сот сараптамаларының саны қағаз форматқа қарағанда айтарлықтай жоғары.

Қорытындылай келе, қылмыстық процестің цифрландырылуы сотқа дейінгі тергеп-тексеру басынан бастап сотқа жіберілгенге дейін ашықтықты қамтамасыз етуге негізделгенін атап өткен жөн.

Осылайша толыққанды автоматтандыру қабылданатын процессуалдық шешімдер мен әрекеттердің сапасын арттыруға және мерзімдерін қысқартуға, сондай-ақ қылмыстық процестің жалпы тиімді жұмысына ықпал етеді.

А.Ж.АҚНАЗАРОВ,

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментіндегі қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің аға прокуроры.

#Заң мен тәртіп

### Газетіміздің келесі саны 13 наурыз, жұма күні шығады.



Бас директор –  
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:  
тел.: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –  
Абдухалил ЖАЛИЛОВ  
тел.: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –  
Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА  
тел.: 293-04-28.

Бас редактор – Есхат БОЖАН  
тел.: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –  
Серік ЖҰМАБАЕВ  
тел.: 293-52-36.

Жауапты хатшы –  
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ  
тел.: 293-52-43.

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –  
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –  
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –  
Гүлжанат СЕМБАЕВА  
тел.: 293-52-36.

Коммерциялық директор –  
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ  
тел.: 293-08-12. E-mail:  
[rekalatauaqparat@gmail.com](mailto:rekalatauaqparat@gmail.com)

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:  
[rekalatauaqparat@gmail.com](mailto:rekalatauaqparat@gmail.com)  
тел.: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –  
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:  
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,  
Сейітқазы МАТАЕВ,  
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:  
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70  
телефоны арқылы сағат 9.00-ден  
18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:  
«Alatau Aqparat» ЖШС.  
E-mail:  
[alatauaqparat@gmail.com](mailto:alatauaqparat@gmail.com)  
Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сөйсенбі және жұма күндері шығарылады.  
Нөмірдің таралымы – 10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор –  
Дана САДЫРҚАН

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № КЗ17VPY00085956 күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00 Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ,  
Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

# Әлемнің мәні – әйелде...

«Alatau Aqparat» ұжымы көктем мерекесін атап өтті



**«Alatau Aqparat» медиахолдингінің ер-азаматтары әріптес қыз-келіншектерді мерекемен құттықтады. Шаттыққа толы іс-шара ұжым басшысы Ержан Қалымбайұлы мен орынбасары Абдухалил Еркенұлының құттықтау сөзімен басталып, соңы концерттік бағдарламаға ұласты.**



**Гүлжанат  
СЕМБАЕВА**

Көктемнің нәзік хош иісін сездірген шуақты мерекенің маңызы айрықша. Дәстүрге сай, салтанатты іс-шара нәзік жан-дыларға гүл сыйлаудан басталды.

Мерекелік жиында медиахолдингінің ер-азаматтары әйелдер қауымына алғыс айтып, олардың қоғамдағы, отбасындағы және кәсіби саладағы орны ерекше екенін атап өтті. Әнмен өрілген жылы құттықтау қыз-келіншектердің көңілін көтеріп, кешке ерекше сән қосты.

Кештің басты жаңалығы – «Alatau Aqparat» серілерінің орындауындағы «36 қыз» әні болды. Ұжымдағы қыз-келіншек-



тердің атын әнге қосқан жігіттер қаракөздердің мәртебесін әнмен әуелетті.

«Қазақ қоғамында әйелдер үнемі маңызды тарихи рөл атқарып келген. Бүгінде ер-азаматтармен қатар ел дамуына үлес қосып келесіздер. Біздің ұжымда әрқайсыңыздың өздеріңізге тән, ойып тұрып алатын орындарыңыз бар. Сондықтан әрбіріңізге ерекше алғыс айтқым келеді. Қазіргі таңда ұжымымның 55 пайызы – қыз-келіншектер. Жалпы, елімізде қыз-келіншектер ең көп еңбек ететін салалардың бірі – журналистика десек, соның ішінде біздің ұжым да сол қатарда екенін айтуға болады.

Қасиетті айда тілеген дұға-тілектерің қабыл болып, әр шаңырақта береке мен шаттық орнасын», – деді медиахолдинг Бас директоры Ержан Қалымбайұлы.

Кештің сәнін арттыруға ұжымның серіктесі әрі көршісі – Алматы мемлекеттік бизнес колледжі ұжымы да атсалысты. Кеш соңында Александр Селезнев атын-

дағы Алматы хореография училищесі өнерпаздарының биімен аяқталды.

Көктемнің алғашқы мерекесі әріптестер арасындағы бірліктің мәнін айқындай

түсті. Нәзік жандыларға көрсетілген құрмет пен ықылас олардың кәсіби еңбегіне деген жоғары бағаның белгісі еді.

«Біздің медиахолдингінің ер-азаматтары өз жұмысына ғана емес, сонымен қатар сіздерге – керемет қыз-келіншектерге деген құрмет пен ықыласын білдіруге әрқашан дайын екенін айтқымыз келеді. Дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық пен береке тілейміз. Құрметті ханымдар, көңілдеріңізде көктемнің шуақты сәулесі әрдайым жарқырап тұрсын!» деген әдемі тілекпен салтанатты кеш түйінделді.

